

Д.С. Смағұлов^{1*}, А.Ташағыл²¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан²Eduzene университеті, Стамбұл, Түркия

(E-mail: dauren2985@mail.ru; atasagil@hotmail.com)

Академик В.В. Бартольд еңбектеріндегі Қазақстан көлдерінің гидронимиясы мен гидрографиясының мәселелері

Мақала Қазақстан көлдерінің тарихи географиялық, оның ішінде гидронимиясы мен гидрографиясының мәселелеріне арналған. Академик В. В. Бартольд еңбектеріндегі Қазақстанның ірі көлдері туралы ежелгі дәуірлердегі, орта ғасырлардағы түрлі антикалық және қытай жазбаларын қолдана отырып, араб-парсы деректері негізінде жазған ғылыми жаңалықтары, талдаулары қазіргі кездегі топонимикалық, географиялық, тарихи ғылыми пайымдаулармен толықтырылған және ғалым еңбектерінің әлі де болса ғылыми тұрғыда құнды екендігіне көз жеткізілген. Яғни, Қазақстанның тарихи географиялық мәселелерін қарастыруда академиктің ғылыми мұрасының құндылығы көрсетілген. Алғаш рет ғалымның Қазақстан көлдері туралы пайымдаулары тарихи географиялық тұрғыда талдануы мақаланың өзектілігіне жатады. Сөз соңында академиктің ғылыми мұрасын зерттеу Қазақстанның тарихи уақыттардағы географиялық тұрпатын қалыптастыру мүмкіндігіне жол ашатындығы түйінделген.

Кілт сөздер: тарихи география, топонимия, гидронимия, гидрография, лингвистика, тарих, табиғи орта, көл, жазба дерек, тұщы көл, тұзды көл.

Kipicne

Табиғи орта тарих сахнасында түрлі қоғамдардың даму заңдылықтарына әсер еткен. Ежелгі және ортағасырлар кезеңдерінде түрлі тарихи-мәдени аймақтар арасындағы шекаралар өзендер, таулар, көлдер мен теңіздер арқылы бөлінгендігі де белгілі. Ландшафттың кейбір элементтері көптеген ғасырлар бойы жердегі табиғи шекараның өтуін білдіретін белгілерге айналды.

Осы орайда, тарихтың ақтандақ беттерін ашуда бізге жеткен түрлі жазба деректерді тарихи географиялық тұрғыда талдау арқылы өткен кезеңдердің географиялық сипатын, оның адамзаттың тарихи жолына әсерін зерттеудің өзектілігі де артып отыр.

Қазақстанның өткен кезеңдердегі тарихи географиялық сипаты туралы мәліметтерді біз түрлі деректерден аламыз. Оның ішінде жазба деректердің орны бөлек. Осы тұста ежелгі дәуірлердегі, орта ғасырлардағы түрлі антикалық және қытай жазбаларын қолдана отырып, араб-парсы жазба деректерінің негізінде Орта Азия және Қазақстанның тарихи географиясын зерттеген ірі тарихшы В.В. Бартольдтің еңбектерінің маңызын атап өткен жөн. Ғалым Қазақстанның тарихи географиясына арнайы еңбек арнамаса да, оның ғылыми мұрасынан Қазақстанның өткен кезеңдердегі географиялық сипаты туралы, оның ішінде өзен-көлдері туралы көптеген мәліметтер алуға болады.

Осыған орай, мақалда академик В. В. Бартольдтің «Ислам энциклопедиясында» Қазақстанның ірі көлдеріне арнаған мақалаларындағы тарихи топонимиялық, әсіресе гидронимиялық және гидрографиялық мәселелері қазіргі кездегі ғылыми пайымдаулармен толықтырылып қарастырылмақшы.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу барысында сипаттау, салыстыру, талдау, тарихи, тарихи физикалық-географиялық, лексикалық-географиялық, салыстырмалы-географиялық, лексикалық-тарихи, картографиялық, салыстырмалы-лингвистикалық, статистикалық әдістер қолданылды. Қай әдістің басым қолданылатындығы географиялық нысандардың және олардың атауларының — топонимдерінің ерекшеліктерімен, олардың тарихи даму жағдайларымен, зерттелетін материалдың жай-күйіне байланысты анықталады. Мақалада академик В. В. Бартольдтің «Ислам энциклопедиясындағы» Қазақстан көлдеріне арналған мақалалары, сонымен қатар түрлі тарихи деректерді талдай отырып,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dauren2985@mail.ru

аталған көлдердің түрлі кезеңдердегі атаулары мен гидрографиялық жағдайын зерттеген тарих, география және лингвистика ғылымы ғалымдарының еңбектері, ой-пікірлері мен ғылыми пайымдаулары назарға алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тарихи географиялық зерттеулерде топонимика ғылымының орны ерекше. Топонимика арқылы территорияның кейбір физикалық-географиялық ерекшеліктерін, қоныстану сипатын, елді мекендердің қалыптасу ерекшелігін және т.б. анықтауға болады. Кез келген топонимдердің пайда болуы географиялық ортаға, тарихи жағдайларға байланысты және тіл құралдарымен іске асады [1; 80].

Қазіргі заманғы топонимика география, лингвистика және тарих ғылымдарының тоғысында дамитындықтан, зерттеу әдіс-тәсілдері де осы үш ғылымның әдіснамалық негіздеріне сүйенеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарысып араласып отырады [2; 19]. Топонимиканың зерттеу әдістеріне қатысты мәселелер Б. А. Серебренниковтың, Э. М. Мурзаевтың, Ә. Әбдірахмановтың, А. И. Поповтың, Е. М. Поспеловтың, В. А. Жекулиннің, А. В. Суперанская және басқа зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

Топонимикалық зерттеулерде гидронимдерді зерттеу үлкен маңызға ие. Гидронимдер (гр. *hydro* — су + *onoma*, *onoma* — ат, атау, есім) — топонимнің бір түрі, кез келген су объектісін білдіретін жалқы есім [3; 79.]. Әр тілде қолданылатын гидронимдер өзіне тән гидрографиялық терминдер арқылы жасалады және ол терминдер су нысандарының түрлерін көрсетіп тұрады [2; 35]. Топонимикада гидронимдер ең көне атаулар деп есептеледі, сондықтан кумулятивтік қоры, аша білген кісіге, мол ақпарат беруі мүмкін.

В. В. Бартольд өзінің «Ислам энциклопедиясы» атты еңбегіндегі мақаласында [4; 367] Каспий теңізіне төмендегідей сипаттама беріп өткен.

Бахр әл-Хазар «Хазар теңізі» — көптеген араб географтары Каспий теңізін осылай атаған. Оның себебі араб географиялық әдебиетінің ең жақсы кезеңінде (IV/X ғ.) Итил атты маңызды сауда қаласы (Еділдің атырауы маңында) бар осы теңіздің солтүстік бөлігіне хазар халқы ие болған. Көбіне бұл атаумен Меотидамен бірге Қара теңіз аталады (Ибн Хордадбех, одан кейін Кудаман мен Масуди), мүмкін ол хазарлардың билігі Қырым түбегіне де жүргендіктен болар. Бұл атау мұсылман әлемінен әрі қолданылмаған да секілді. «Хвалым (нұсқалар: Хвалис, Хвалын) көлі» деген көне орыс атауы Хорезм елі атауына сөзсіз сәйкес келеді. Бірақ арабтар мен парсылар «Хорезм көлі (немесе «теңізі»))» деп көбінесе Арал теңізін атайды. Мұсылман әдебиетінде Каспий теңізі, сонымен қатар, жағалауында орналасқан басқа аумақтар атауларымен де аталады: «Джурджан көлі» (көне «Гиркан көліне» сәйкес келеді), «Абескун көлі» (Гюрген сағасындағы портты қала атауы бойынша), «Табаристан көлі» (немесе «Мазандеран»), «Дейлем көлі», «Гилян көлі», кейінірек (моңғол билігі кезінен бастап) «Дейлем көлі» және «Баку көлі» (бұл кейінгі атаулар, сонымен қатар «Сарай көлі», ортағасырлардағы еуропалық деректерде де кездеседі); Қызыл теңіз атауына жататын «Бахр әл-Кульзум» атауы да кейде Каспий теңізіне қатысты қолданылады. Жеткен деректер бойынша түрік әдебиетінде «Бахр-и гузз» (түркмендер мен османдықтар тегі болып табылатын атақты көшпелі халық атауына байланысты) және «Ақ Дениз» (Жерорта теңізіне қатысты жиі қолданылады) атаулары да кездеседі [4; 367].

В. В. Бартольд мақаласынан Каспий теңізінің орта ғасырлардағы көптеген атауларының болғандығын, ол атаулардың қойылуына түрлі тарихи оқиғалардың әсер еткендігін көре аламыз. Бір деректерде көл атауы жағалауында өмір сүрген халық атауына сәйкес болып жатса, екінші бір жағдайларда көл атауы жағалауында орналасқан қала атауына және т.б. тарихи жағдайларға сәйкес өзгеріп отырған.

Каспий теңізінің тарихи географиясы туралы мәлімет беретін деректердің бірі Махмұд әл-Қашғари мен әл-Идрисидің еңбектері. Махмұд әл-Қашғари картасында Бұлғар көлі мен Табаристан көлі деп аталған Каспий теңізі көрсетілген. Бірақ Каспий теңізі жанында Жент қаласы аталса да Арал теңізі белгіленбеген. Бұл қала басқа деректер бойынша айтарлықтай белгілі, Сырдария өзенінің төменгі ағысында, оның Арал теңізіне құяр жеріне таяу орналасқан. Картада Каспий теңізі мен Арал теңізі бір су айдыны ретінде біріктіріліп көрсетілуі мүмкін. Бірақ Каспий теңізінің оңтүстік-батысында Маңғышлақ орналастырылған. Бұл термин «ман» және «қышлақ» деген екі сөзбен жазылған. Әл-Идрисидің «Сурат әл-ард» еңбегінде Каспий теңізі Табаристан көлі және Хазар көлі

деп аталған. Теңіздің шығыс жағалауындағы Сияхкух тауларын Маңғышлақпен салыстыруға болады. Әл-Идрисидің картасында, сонымен қатар, «Хорезм көлі» (Бухайрат ал-Хаварзам) деген атаумен Арал теңізі көрсетілген. Бұл атау әл-Идрисиге дейінгі араб классикалық географтарының мәліметтерінде кең қолданылған және картадағы атау соған сәйкес келеді. Хорезм көлінің солтүстік-шығыс жағында орналасқан Гаргуз көлі де өзіне назар аудартады. Бұл көлдің мөлшері Хорезм көлінен ауқымдырақ болған, бірақ әл-Идрисидің «Гаргуз көлі маңында оғыз тайпаларының ішіндегі хангакиштардың иелігіне жататын жайылымдар мен құнарлы жерлер көп болған», — деген ақпараты біршама маңызды болып көрінеді. Хангакиштер, хангарлар, кенгерестер — қаңлы экономикалық дәстүрін сақтаған бір тайпалық одақ атауының әртүрлі нұсқалары. Сырдария және Арал маңы туралы басқа да деректер бойынша қаңлыларды локализациялау Гаргуз көлін Арал теңізі деп қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, әл-Идрисидің «Сураат әл-ард» еңбегінде Арал теңізі екі топонимикалық нысан ретінде көрсетіліп тұрғанын факт ретінде айтуға болады. Яғни, әл-Идрисидің әртүрлі деректерді қолдана отырып бір географиялық нысан туралы мәліметтерді ажырата алмағандығы көрінеді. Тіпті Гургуз атауы Бахр гуз, яғни Оғыз көлі атауының бұрмаланған нұсқасы болуы мүмкін [5; 94].

Орыс ғалымы В. А. Никонов: «Атау нысанға танылып қалған нәрсе емес, бірақ ол тек қана қоғамда өмір сүреді және әлеуметтік құбылыс сияқты әрқашан тарихи заңдылықтарға бағынады» [6], — деп жазып өткеніндей, Каспий теңізінің тарихи кезеңдердегі атауларына түрлі тарихи жағдайлар әсерін тигізген және әр атау белгілі бір тарихи кезеңдер туралы мәліметтер береді.

Кезінде Жер шарында ауданы жөнінен төртінші орынға ие болған, қазіргі таңда апатқа ұшыраған Арал теңізі туралы туралы В. В. Бартольд толыққанды зерттеулерін ұсынған. Арал теңізі — қазіргі жаңа есептеулер бойынша (1900 — 1902 жж.) 67 962 км кв. (аралдарсыз) ауданды алып жатқан Орта Азиядағы үлкен көл. Бұл көлге орыс Түркістанының екі басты өзендері — Әмудария мен Сырдария құяды. Ежелгілерге бұл көл белгісіз болған секілді. Арал теңізі мен «Окс батпақтары» туралы ежелгі дәуірдегі мәліметтерге Орта Азиядағы Меотид туралы өзіне-өзі қайшы келетін көмескі хабарламаларды жатқызуға болады (мұнда Азов теңізі атауы Аралға, Танаис=Дон атауы Сырдарияға ауыстырылған деп топшыланады). Көне қытай деректерінде (б.з.д. II ғ. бастап) жалпылама сөздер арасында Арал теңізі аймағында «Солтүстік теңіз» немесе «Батыс теңіз» аталады. Сонымен бірге, византиялық елші Земарх (б. з. 568 ж.) атайтын көл Арал теңізі ме екендігі де белгісіз.

Толығырақ мәліметтерді араб географтарының еңбектерінен табамыз. Ибн Хордадбех Арал теңізін Курдер теңізі деп атаған болар. Бұл көлдің атын атамай отырып, сипаттамасын Ибн Русте береді (III ғасырдың соңы/X ғасырдың басы). Оның сипаттауы бойынша Әмудария өзені құятын көлдің жағалауы 80 фарсахты құрайды (Истахри мен одан кейінгі авторлар бойынша 100 фарсах). Көлдің IV/X ғасырдағы Сырдария сағасында жағалаулық сызығы қазіргі кездегіден аз ерекшеленген секілді. Осындай тұжырымды көлдің оңтүстік жағалауына қатысты да айтуға болады. Макдиси Миздахканнан Курдерге дейін 2 күндік жол, одан Паратегинге (Баратегин және Фаратегин деп жазылады) дейін 2 пошта бекеті бар және 1 күндік жол, содан кейін көл жағалауына дейін тағы да 1 күндік жол бар деп есептейді. Сол кезеңдегі қазіргі Айбұғыр секілді Чинка (*шың — автор*) жанындағы кеуіп қалған деп айтуға болатын көлдердің Арал теңізімен байланысы болған-болмағанын анықтау анықтау мүмкін емес. Десек те, Арал теңізі Сарықамыспен байланыспаған. Печенегтердің еліне Хорезмнен саяхат жасағысы келген адам, Гурганджан «хорезм тауларына» (Чинку) бағыт алу керек болған (Гардизи бойынша), одан әрі сусыз шөл арқылы жүрген. «Хорезм көлі» осы жолдың оң жағында қалған. Истахри және одан кейінгі географтар «Хорезм көлін» (Бухайрат ал-Х^ааризм), шындыққа сәйкес, тұйық тұзды көл деп сипаттайды. Тек Масуди (аталған автор көлді Джурджани қаласы атауымен атайды, яғни Гурганджу) ғана Арал мен Каспий теңіздерінің арасында байланыс бар деп қате жорамал жасайды. «Джахан-наме» (VII/XIII ғ. басы) мен осы дерекке негізделген еңбектерде (оның ішінде 881/1476–77 ж. қайтыс болған Джурджани еңбектерінде де) «Хорезм көлі» атауынан басқа «Жент көлі» (Сырдың төменгі ағысында орналасқан атақты Бухайра-и Дженд қаласының атауына байланысты) атауы да қолданылады.

Біз, ертеректегі жазба деректерден алынғандардан басқа, VII/XIII ғасырдан X/XVI ғасырға дейін Арал теңізі туралы ешқандай деректерді кездестірмейміз. Хафиз-и Абрудың (820/1417 ж.) тұжырымы бойынша «ертедегі кітаптарда» кездесетін «Хорезм көлі» атауы оның кезінде ендігі тіпті болмаған да. Ол кезде Әмударияны Каспий теңізіне құяды деп есептеген. Кейбір деректер бойынша Сырдария да Арал теңізіне ендігі құймаған. VIII/XIV ғ. ғана көпес Бедр ад-дин ар-Руми Сырдарияны Женттен төмен үш күндік жолда «өзінің бағытын өзгертеді» деп көрсетеді. Хафиз-и Абру бойынша бұл өзен

Әмудариямен қосылады. «Бабыр-нама» бойынша Сырдария ешқандай өзенмен қосылмайды, ол құмды шөлде жоғалып кетеді. Әмударияға қатысты бұл мәліметтер өзеннің төменгі ағысындағы тарихи оқиғалар туралы деректермен дәлелдене алады. Ал Сырдарияға қатысты осыған ұқсас деректер бізде мүлдем жоқ. Әбілғазы Арал теңізін «Сыр теңізі» деп атайды. Ол Сырдарияның кей кездері көлге құймағанын мүлдем білмеген секілді. Осы автордың мәліметіне сәйкес Әмудария тек 980/1572–73 ж. кейін ғана Арал теңізіне қайта жол тапқан. Ағылшын Дженкинсонның саяхаттарындағы (1558 ж.) көмескі сөздердің Арал теңізіне қатысты екендігі күмән тудырады. «Арал» сөзі («арал» түркі тілінде өзен сағасындағы аралдарды білдіруі мүмкін) алғаш рет «өзеннің көлге құятын жері» деп Әбілғазы жазбаларында кездеседі. Осыдан барып көл кейіннен өз атауын алған (қырғыздарда *қазақтар — автор*) — Арал теңізі).

Орыс деректерінде Арал теңізі алғаш рет «Үлкен сызбада» (XVII ғ. басы) «Көк теңіз» деген атаумен кездеседі және Каспий теңізімен қате байланыстырылады. Тура осы орыс атауымен көл Витсеннің «Noord en oost Tartarye» (алғашқы басылымы 1687 ж.) картасының қосымшасында көрсетілген. «Арал теңізі» атауы алғаш рет 1697 жылы орыс деректерінде аталады. Батысеуропалық карталарда бұл мәліметті біз 1723 жылы ғана кездестіреміз (Делильде). Бірақ 1727 жылы Орта Азияға келген грек Василий Ватаци көл туралы алғашқы мәліметті Еуропаға өзі әкелгендігін, сол арқылы Лондонда үлкен жаңалық жасағанын айтады. Бутаков пен Поспелов экспедициялары (1847–1848 жж.) алғаш рет көлді картаға түсіріп, оған ғылыми сипаттама берген. Көлдің жағалаулық сызығының тартылуының бірнеше рет бақылануынан тарихи уақытта оның ауданының белгілі бір деңгейде азайғаны туралы болжам пайда болды. Дегенмен, Түркістанның барлық көлдеріндегі секілді, соңғы 20 жылда Арал теңізінің де су айдынының көтерілуі байқалуда. Көлдің барлық жағалау сызығы 1847 жылғы деңгейге қайта жеткен. Тіпті кейбір жерлерде асып та кеткен. Өткен ғасырларда су айдыны ара-тұра жоғары-төмен түсіп тұрған болар. Дегенмен араб географтарының деректерін зерттеу негізінде теңізден алыс орналасқан елдердің (Парсы, Түркістан және т. б.) жылдам шөлдену жаратылыстану-ғылыми теориясы негізсіз болып отыр [7; 331–333].

В. В. Бартольдтің Арал теңізі туралы мақаласында көптеген орта ғасырлардағы деректерге сүйене отырып, теңіздің тарихи уақыттардағы географиялық тарихына, атауларының өзгеруіне, суының қасиетіне және гидрографиялық жағдайына талдау жасайды. Ғалым Арал атауы алғаш рет Әбілғазы жазбаларында кездеседі деп келтіргенімен, бұл атаудың кейінгі уақыттардағы зерттеулерде тіпті IX ғасырдағы араб географиялық әдебиеттерінде кездесетіндігі жөнінде К. Д. Каймулдинова «Арал теңізі қытай жылнамаларында Жән-хай («тұзды көл») деген атаумен берілген. Орта Азия аумағы бейнеленген еуропалық карталарда XVIII ғасырдан бастап Арал теңізі Salt water Lake, яғни «Суы тұзды көл» деп жазылған. Э. М. Мурзаевтың (1957) деректері бойынша, орыс жылнамаларында Арал теңізі «Синее море» деп аталған. Бұл Арал атауы кейіннен пайда болды деген сөз емес, Арал теңізі деген атау IX ғасырдағы араб географиялық әдебиетінде кездеседі. Арал көне түркілік заманда пайда болған топонимдер қатарына жатады. Тұран ойпатының ұлан-ғайыр шөлді аумақтарында арал тәрізді орналасқан бұл су айдынын көне түркілер географиялық орнына байланысты Арал деп атаған» [8; 170], — деп жазады. К. Д. Каймулдинова көл атауының шығу тарихын зерттей отырып, «I ғасырда Страбон, II ғасырда Птоломей Оксус (Әмударияның көне атауы) өзенімен байланысты Окси көлі туралы деректер қалдырған. X ғасырдағы араб географы әл-Истахри оны жазбаларында теңіз маңындағы аумақтың атымен Хорезм теңізі деп атаған. Сонымен қатар, теңіздің көне Үргеніш атауымен байланысты Гургандж теңізі, Сырдария өзенімен байланысты Сыр теңізі деген атаулары болған... XVII ғасырдың соңынан бастап, қолданысқа түркілік «арал» сөзінің негізінде жасалған Арал теңізі атауы ене бастады. «Арал теңіз» деген мағынадағы бұл атау бастапқыда Әмударияның аралы көп атырауына ғана қатысты қойылды деуге болады. Біртіндеп бұл атау бүкіл теңізге қатысты қолданылып, XVIII ғасырдан бастап халықаралық қолданысқа енді», — деген қорытынды жасайды [8; 193–194].

Арал теңізі гидронимі туралы Е. Койчубаев «Арал теңізі — қазақтар теңіз деп атайтын ірі ағынсыз көл. Әмудария өзені атырауындағы Арал төңірегі атауына байланысты» [9; 36], — деп атап өтсе, Б. Бияров «Арал — теңіз. Қызылорда обл., Арал ауд.; е. м. Жамбыл обл., Мойынқұм ауд. Арал жалқы есімнің көпшілігі «жан-жағы сумен қоршалған кішкентай құрлық» мағынасындағы *арал* географиялық термині арқылы жасалған. Ал, керісінше, жан-жағы құрлықпен қоршалған су; орман ішіндегі алаңқайлар; айдаладағы бір шоқ орман, т.б. *арал* терминін иемденуі мүмкін. Бұдан терминнің *ар* бір буынды синкретті түбірі «бөліну», «екі аралық» мәнін де беретіні байқалады. Арал теңізі басқа ешбір сумен жалғаспай, шөл даламен қоршалып, жеке тұрғандықтан, *Арал теңізі* деп

аталады. Осындай кең көлемді мағынада қолданылатын *арал* термині топоним жасамда белсенді болатыны — заңды құбылыс: Арал, Аралағаш, Аралды, Қосарал, т. б.» [2; 36], — деп өз пайымдауларын А. Т. Кайдардың еңбегіне [10] сүйене отырып жасаған. Біздің ойымыз да осы аталған авторлардың пайымдауларымен сәйкес келеді.

Арал теңізінің түрлі кезеңдердегі атаулары туралы Ш. С. Камолиддиннің «Древнетюркская топонимия Средней Азии» еңбегінде: «Арал теңізі «Авестада» Ворукаша (*vour.kasa*) немесе Чаечаста атауларымен кездеседі. Соңғы атау *sad* деген об-угор сөзінен шыққан. Қытай деректерінде Арал теңізі Жэн-хай («тұзды теңіз») деп аталады. Орта ғасырлардағы халлухтар еліндегі деректерде *Туз-кул* («тұзы көл») деп те аталған Бий Тузун-Ардж теңізі деген атау кездеседі» [11; 31], — деп айтылады.

Байқап отырғанымыздай, Арал теңізі туралы түрлі кезеңдегі деректер көл суының тұзды екендігі жайлы мәлімет береді. Жалпы континенттік климаттық белдеуде, жылдық жауын-шашын мөлшері аз және буланушылық деңгейі жоғары аймақтардағы су айдындарында судың тұздылығының жоғары болуы тән. Сонымен қатар, көл суының тұзды болуы В.В. Бартольд мақаласында аталып өткеніндей өткен ғасырларда су айдынының ара-тұра жоғары-төмен түсіп тұруы да әсер етуі мүмкін. Бұл тұрғыда белгілі ғалым Л.С. Бергтің зерттеулері өте маңызды. Ол туралы Ә. С. Бейсенова «Әртүрлі кезеңдердегі мәліметтерді талдау негізінде Л. С. Берг тарихи уақыттағы Арал теңізі деңгейінің ауытқуы туралы қорытынды жасады. Аталған қорытынды теориялық тұрғыда өте маңызды болды», — деп баға беріп өткен [12; 5].

Дегенмен, қазіргі уақыттағы Арал теңізінің жағдайы өте мүшкіл екендігі баршамызға белгілі. XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап көл суы тез тартыла бастаған. 1989 жылы көл Солтүстік (Кіші) және Оңтүстік (Үлкен) Арал теңізі болып екі бөлек су айдынына айналды. 2001 жылы Оңтүстік көл батыс және шығыс бөліктерге бөлінді [13; 132, 133].

Академик В.В. Бартольд өзінің «Ислам энциклопедиясында» Балқаш көліне де мақаласын арнаған. Балқаш — Іле және басқа да көптеген кішігірім өзендер құятын Орта Азияның Аралдан кейінгі ішкі ірі көлі (18 432 км кв.). Көл ортағасырлық мұсылман географтарына белгісіз болып қалған. «Худуд әл-алам» еңбегінің белгісіз авторы Іле өзені Ыстықкөлге құяды деп есептейді. Мұсылман авторларының ішінде алғашқы болып Балқаш көліне X/XVI ғасырдың ортасында сипаттама беретін тек Мұхаммед Хайдар ғана. (В. В. Бартольдтің өзі кейініректе көл Шериф ад-дин Йездидің жазбаларында Атрак көл деген атаумен кездесетіндігін жазған). Мұхаммед Хайдар дерегінде Көкше теңіз деп аталған көл сол кезде өзбек (Өзбекстан) және моңғол (Моғолстан) елдері арасында шекара іспеттес болған және суы тұщы деп сипатталады. Оның ұзындығы мен ені туралы ақпараттар асыра жазылған. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Еділді Балқаш көліне құяды деп есептейді. Судың дәмі туралы ақпараттар маңызды. Жаңа заман географтары Балқашты қашан да тұзды көл деп есептеген. Тек 1903 жылғы Императорлық Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімінің тапсырмасымен жүргізілген зерттеулерден кейін ғана көлдің тұщы көлдер қатарына жататындығы анықталған. Зерттеу жұмысының жетекшісі (Л. Берг) айтып өткендей, жылдық жауын-шашын мөлшері 200 метрге әрең жететін аумақта ағынсыз тұщы көлдің тіршілік етуі «географиялық парадокс» деп есептеледі.

Балқаш деген моңғолдық атауды көлге XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында осы аймаққа билік еткен тек қалмақтар берген. Швед унтер-офицері И. Г. Ренаттың картасында «Балхас» атауы сол кезге өте дәл бейнеленген көлдің бейнесімен бірге көрсетіледі. И. Г. Ренат қалмақтар елінде 17 жылын (1716–1733) өткерген. Қазір осы аймақта көшіп жүрген қырғыздар (*қазақтар* — *автор*) көлді Ақ теңіз деп атайды [14; 360–361].

Сонымен қатар, Махмұд әл-Қашғари мен Әл-Идрисидің «Сурат әл-ард» еңбегінде Балқаш көлі туралы деректер кездеседі. Махмұд әл-Қашғари картасында Балқаш көлі белгіленген, бірақ ол ешқандай атаумен аталмаған. Шығыс пен батысқа қарай оған төрт ірі өзен құятындығы көрсетілген. Бұл көлді анықтау үшін оған Ила (Іле) өзенінің құюы маңызды. Махмұд әл-Қашғари өзінің шығармасында және картасында алғаш рет Балқаш көліне құятын Іле өзенін атайды. Осыдан картада атаусыз тұрған көлдің Балқаш көлі екендігіне сөзсіз көз жеткізуімізге болады. Әл-Идрисидің «Сурат әл-ард» еңбегінде де Балқаш көлі көрсетілген. Мұнда көл «Тахам көлі» деген атаумен берілген. Әл-Идриси картасында қарлұқ жерлері ендік бағытта «Түркі көлі» (Ыстықкөл) мен Тахам деген екі ірі көл аралығына (бірінші көлдің солтүстік жағына) орналастырылған. Тарихи шындықтың өзі Тахам топографиялық нысанын Балқаш көлі деп қарастыруға үлкен мүмкіндік береді [5; 94–95].

В. В. Бартольд «Худуд әл-алам» мен Мұхаммед Хайдардың еңбектеріне және өз заманындағы географиялық зерттеулерге сүйене отырып, Балқаш көлі туралы маңызды ғылыми тұжырымдар

жасаған. Ол Балқаш көлі гидронимінің шығу тегін қалмақтармен байланыстырады. Қазіргі уақыттағы зерттеулерге сүйенсек Балқаш атауының шығу тегі түркі сөзінен алынады. Ол туралы Е. Койчубаев «Балқаш — балық деген түркі сөзінен шыққан. Көлдің ортағасырлардағы Көкшетеніз және Атракөл деген атаулары белгілі. Көл түркі тайпалары иеліктері арасында табиғи шекара болған. Балқаш атауы *bal/baq* деген жалпы негізімен б. з. д. III–II ғғ. көне орал-алтай тіл семьясына тамыр тартатыны және «су» түсінігімен байланысты екендігі сөзсіз. Кең таралған Балқаш этимологиясы: «батпақтағы төмпешік, былқылдақ жер, балшық» немесе «батпақты жер, ми батпақ». Балқаш атауының шығуы балық сөзімен де байланыстырылады» [9; 53], — дейді.

Аталған көл туралы К. Д. Каймулдинованың топонимикалық зерттеулері назарға ұсынарлық. Ғалым бұл атауды лимнонимдер қатарына жатқыза отырып, «бұл атауды көне қазақ тіліндегі «балшық» дегенді білдіретін «балқаш» терминімен байланыстыруға болады. Ғ. Қоңқашбаев [15] атап көрсеткендей, бұл термин қазіргі кезде қолданыстан шыққан, тек топонимдер құрамында ғана кездеседі. Балқаш аталатын табиғи нысандар бұл өңірден басқа жерлерде тіркелді: Балқаш (қоныс, Ақтөбе облысы), Балқаш (көл, Павлодар облысы), Балқашсор (тұзды көл, Павлодар облысы), Балқаштыбұлақ (бұлақ, Оңтүстік Қазақстан облысы (*Түркістан облысы — автор*))» [8; 298], — деп жазады.

Үш патшалық кезеңдегі қытай карталарында (220–280 жж.) Балқаштың орнында шағын көл бейнеленген, оның өзі қазіргі кездегі Балқаштың ең терең тұсында орналасқан, осының негізінде ғалымдар Балқаштың көпшілік бөлігі III ғасырда кеуіп қалған деген болжам жасайды. Таң әулеті заманында IX ғасырда құрастырылған қытай картасында Балқаш қазіргі пішіні жөнінен Балқаш-Алакөл алабының ойысына ұқсайтын үлкен көл ретінде көрсетілген. Ал 1722–1724 жылдары Қазақстанның оңтүстік-шығысымен саяхат жасаған И. Унковский картасында қазіргі Балқаштың орнында үш дербес көл бейнеленген. Бұл келтірілген деректер Балқаш көлінің деңгейі тарихи кезеңде бірнеше рет ырғақты өзгерістерге түскенін дәлелдейді. Көлдің әркелкі атауы оның географиялық ерекшеліктерін көрсететін, яғни тарихи кезеңдердегі көлдің жай-күйін сипаттайтын индикатор деп топшылауға болады.

Бұған қоса Л. С. Бергтің Балқаштың қазан шұңқыры бұрын құрғақ болып, кейіннен суға толғандығы, сондықтан оның суының әлі тұзданып үлгермегендігі туралы болжамын келтіруге болады. Ғалым XIX ғ. басында бұл өңірде судың көп болғандығы соншалық, Сасықкөл мен Балқаш аралығын жалғастырған ағын болғандығы жөнінде болжам айтқан. К. Д. Каймулдинова жоғарыдағы деректер негізінде Балқаш атауының пайда болуын осы XVIII ғасырдағы көл деңгейінің өте төмендеп, кейбір бөліктерінің балшыққа (көне қазақ тілінде — «балқаш») айналған кезеңімен байланыстырады [8; 298].

Балқаш көлі атауы туралы зерттеу жүргізген Б. Бияров «Балқаш — көл. Алм. обл.; көл. Павл. обл., Ертіс ауд. Қазіргі кезде жалқы есім ретінде сақталған көне гидрографиялық термин. Мағынасы: Балқаш <*бал+қаш*, «батпақты, сулы, тартпа жер», *бал+шық*, *бал+жыр* сөздерімен түбірлес. Түркі тілдерінде *балғаш* (туб.), *палғаш* (түрік.) нұсқалары кездеседі. Топоним жасамда белсенді емес (терминнің көнелігінен болса керек), бірақ тың атау жасау барысында, егер нысан сәйкес келіп тұрса, термин ретінде жалғастыруға болады», — дейді [2; 37].

Академик В. В. Бартольд мақаласында Мұхаммед Хайдар деректерінде Балқаш көлінің тұщы көл деп сипаттама берілетіндігін, ал жаңа заман ғалымдары оның тұзды екендігін айтқанын, одан кейін XX ғасыр басындағы зерттеулер нәтижесінде көлдің суы тұщы екендігін жазады. Бұл мәселе жөнінде біз Балқаш көлін зерттеген география ғылымы саласының ғалымдарының еңбектеріне сүйенгенді жөн санап отырмыз.

XX ғасырдың 30-жылдары Балқаш көлінің жағасында металлургиялық комбинат пен теміржол магистральдарын салу барысында көл бассейні қарқынды зерттеле басталды... Осы кезеңде Балқаш көлі туралы әдебиеттер П. Ф. Домрачев, Н. Л. Корженевский, П. Н. Панова, В. А. Селевин және т. б. зерттеулерімен толықты. Олардың ішінде П. Ф. Домрачевтің еңбектері көл гидрографиясы туралы ақпараттардың толықтығымен ерекшеленеді.

П. Ф. Домрачев өзінен бұрынғы зерттеушілердің (Нифантьев, 1851, А. М. Никольский, 1884, Л. С. Берг, 1903) еңбектерін жоққа шығара отырып, Балқаш көлін типтік «тұздылау су айдынына» жатқызады. Олар көлді біресе тұзды, тіпті ащы тұзды, біресе тұздылау, біресе толығымен тұщы деп есептеген. Ол «Барлығы Балқаштың тек кейбір бөліктеріне немесе суының максималды көтерілу нәтижесіндегі қатты тұзсызданған кезінде келген. Қазіргі кезде оның жеке бөліктерінде әртүрлі тұздылық байқалатын тұздылау су айдыны екендігі анықталған. Оның тұздылығы батыстан шығысқа

қарай және сонымен қатар, көл деңгейінің көпжылдық ауытқу кезеңдеріне сәйкес судың тұщылану деңгейі де ауытқиды», — деп жазған.

П. Ф. Домрачев Балқаштың өзіне тән тұздылығы және деңгейінің ауытқу кезеңділігімен қатар, оның басқа да гидрологиялық ерекшеліктерін атаған. Атап айтқанда, ол алғашқы болып көлдің батыс бөлігіндегі өзіне ғана тән айналмалы ағынды байқаған. Ол ағын Іле суын алғашқы кезде сағат тілі бағытымен солтүстік-батыс және солтүстік жағалаулар маңынан, одан кейін «тар жердің» маңында оңтүстікке қарай бұрып және одан әрі оңтүстік жағалаумен алып жүрген.

Балқаш көлінің су балансы екі негізгі факторға — келіп құятын өзендердің суы мен жазғы жоғарғы температураларға сәйкес болатын жоғары буланушылықпен реттеліп отырады. Судың келуі мен оның буланушылығы климаттық жағдайларға тәуелді. Ал, ол көл деңгейінің жылдық және көпжылдық ауытқуларына себепші болады. Алайда оның суының ауытқу деңгейі ғасырлар бойы бақыланбаған. Көл суының ауытқуы туралы мәліметтер алғаш рет революцияға дейінгі кезеңдегі еңбектерде (А. М. Никольский, Л. С. Берг, В. Н. Шнитников, Л. А. Молчанов, Б. Ф. Мефферт) болған. Кеңестік кезеңде бұл мәселемен А. Аносов, В. С. Титов, В. И. Сарычев, П. Ф. Домрачев, П. Н. Панов, В. А. Селевин және т. б. шұғылданған. Аталған авторлардың мәліметтері бойынша шамамен 1870 пен 1889 жылдар аралығында көл деңгейі төмендеген, ал 1890 мен 1911 жылдары — көтерілген, 1912-ден 1930 жылдар аралығында тағы да төмендеген, ал 1931 жылдан бастап көтеріле бастаған. Бұл фактілер аталған құбылыстың кезеңділігін дәлелдейді [12; 111–112].

Қазіргі уақытта Балқаш — Қазақстанның Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарының территориясындағы Балқаш — Алакөл ойпатында орналасқан ағынсыз жартылай тұщы сулы көл. Көлдің солтүстігінде Қазақтың ұсақ шоқысы, батысында Бетпақдала, оңтүстігінде Айтау таулары, Тауқұм және Сарыесік Атырау құмдары жатыр. Көл жарты ай формасында және теңіз деңгейінен 340 м биіктікте орналасқан.

Сарыесік жартыаралы тұсында көл гидрографиялық тұрғыда батыс және шығыс болып екіге бөлінеді. Батыс бөлігі, көлдің 58 % көлемін және 46 % ауданын алып жатыр. Бұл бөлік таяз және суы тұщы болып келеді. Ал шығыс бөлігі терең және суы тұзды. Сарыесік жартыаралы арқылы қалыптасатын, ені 3,5 км және тереңдігі орташа есеппен 6 м болатын, Ұзын бұғазы арқылы батыс бөлігінің суы шығыс бөлікке ағады [13; 133–134]. Көлдің бүгінгі күнгі ғылыми гидрографиялық сипаттамасы осындай.

Қорытынды

Қорыта айтатын болсақ, В. В. Бартольдтің Қазақстан территориясындағы көлдер туралы араб-парсы жазба деректері бойынша жүргізген зерттеулерінің, жасаған пайымдауларының әлі де болса құндылығын жоймағандығына көз жеткіземіз. Шығыстанушы Қазақстанның жер-су атауларының тарихи географиясын жазумен шектелген жоқ, олардың атауларының шығу тарихын, саяси-экономикалық рөлін ондағы тарихи оқиғаларды талдау арқылы көрсетті. Ғалым, сонымен қатар, өз зерттеулерінде Қазақстан көлдері туралы ортағасырлық деректерді алғаш болып ғылыми айналымға енгізді. Оның еңбектері еліміздің тарихи, тарихи географиялық, топонимикалық және т. б. заманауи зерттеулерге бастама, арқау болғаны анық. Оны біз сүйенген Қазақстанның ірі көлдерін кеңестік және тәуелсіздік кезеңдерінде зерттеген зерттеушілердің еңбектерінен аңғаруға болады. Академиктің ғылыми мұрасын зерттеу Қазақстанның тарихи уақыттардағы географиялық тұрпатын қалыптастыру мүмкіндігіне жол ашады. Сол арқылы қазақ тарихының даму үрдісіне географиялық фактордың ықпалын анықтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мурзаев Э. М. Очерки топонимики / Э. М. Мурзаев. — М.: Мысль, 1974. — 382 с.
- 2 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері / Б. Бияров. — Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. — 432 б.
- 3 Сулейменова Э. Тіл білімі сөздігі / Э. Сулейменова, Г. Мәдиева, Н. Шәймерденова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 544 б.
- 4 Бартольд В. В. *Бахр ал-Хазар* // Соч. [В 9-и т.]. — Т. 3 / В. В. Бартольд. — М.: Наука, 1965. — 711 с.
- 5 Кумеков Б. Е. Историческая география Казахстана по данным географических карт Махмуда ал-Кашгари и ал-Идриси / Б. Е. Кумеков // *Ұлы Жібек жолындағы Орта Азия. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары*. — 13–15 маусым, 2018 ж. — Алматы: Service Press, 2018. — 545 б.
- 6 Никонов В. А. Введение в топонимику / В. А. Никонов. — М.: Наука, 1965. — 175 с.

- 7 Бартольд В. В. Аральское море // Соч. . [В 9-и т.]. — Т. 3 / В. В. Бартольд. — М.: Наука, 1965. — 711 с.
- 8 Каймулдинова К. Д. Топонимика: Оқулық / К. Д. Каймулдинова. — Алматы: ЖШС РІПБК «Дәуір», 2011. — 336 б.
- 9 Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана / Е. Койчубаев. — Алма-Ата: Наука, 1974. — 275 с.
- 10 Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А. Т. Кайдар. — Алматы: Арыс, 2005. — 304 с.
- 11 Камолиддин Ш. С. Древнетюркская топонимия Средней Азии / Ш. С. Камолиддин; отв. ред. М. Исхоков. — Ташкент: Шарк, 2006. — 192 с.
- 12 Бейсенова А. С. Физико-географические исследования Казахстана (1917–1941 годы) / А. С. Бейсенова. — Алма-Ата: Казахстан, 1982. — 176 с.
- 13 Абдрахимов Р. Г. Гидрография материков: учеб. пос. / Р. Г. Абдрахимов. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 149 с.
- 14 Бартольд В. В. Балхаш // Соч. . [В 9-и т.]. — Т. 3 / В. В. Бартольд. — М.: Наука, 1965. — 711 с.
- 15 Конкашпаев Г. К. Казахские народные географические термины / Г. К. Конкашпаев // Изв. АН КазССР. Сер. геогр. — 1951. — № 99. — С. 3–47.

Д.С. Смағұлов, А. Ташағыл

Вопросы гидронимии и гидрографии озер Казахстана в трудах академика В. В. Бартольда

В статье рассмотрены вопросы исторической географии, в том числе гидронимии и гидрографии озер Казахстана. Научные открытия, анализы, написанные академиком В. В. Бартольдом, о крупных озерах Казахстана на основе арабо-персидских данных с использованием различных античных и китайских записей древности, средневековья, дополняются современными топонимическими, географическими, историческими научными рассуждениями, и становится ясным то, что труды ученого, с научной точки зрения, по-прежнему остаются актуальными. То есть в изучении историко-географических проблем Казахстана отражается ценность научного наследия академика. Историко-географический анализ суждений ученого об озерах Казахстана показал актуальность статьи. В заключение подчеркнуто, что изучение научного наследия академика открывает возможности для формирования географического положения Казахстана в исторические времена.

Ключевые слова: историческая география, топонимия, гидронимия, гидрография, лингвистика, история, природная среда, озеро, письменные источники, пресное озеро, соленое озеро.

D.S. Smagulov, A. Tasagil

Issues of hydronyms and hydrography of lakes in Kazakhstan in the works of Academician V. V. Barthold

The article deals with the issues of historical geography, including hydronyms and hydrography of lakes of Kazakhstan. Scientific discoveries and analyses written by Academician V.V. Barthold about large lakes of Kazakhstan based on Arab-Persian data using various ancient and Chinese records of antiquity, the Middle Ages, are supplemented by modern toponymic, geographical, historical scientific reasoning. From a scientific point of view, the works of the scientist remain relevant. That is, the study of the historical and geographical problems of Kazakhstan reflects the value of the academician's scientific heritage. The historical and geographical analysis of the scientist's judgments about the lakes of Kazakhstan is relevant to this article. In conclusion, it is emphasized that the study of the academician's scientific heritage opens up opportunities for the formation of the geographical position of Kazakhstan in historical times.

Keywords: historical geography, toponymy, hydronymy, hydrography, linguistics, history, natural environment, lake, written sources, freshwater lake, salt lake.

References

- 1 Murzaev, E.M. (1974). Ocherki toponimiki [Essays on toponymy]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 2 Biiarov, B. (2013). Qazaq toponimderinin tiptik ulgileri [Typical examples of Kazakh toponyms]. Astana: Republican Coordination and Methodological Center for the Development of Languages named after Sh. Shayakhmetov [in Kazakh].
- 3 Suleimenova, E., Maedieva, G., & Shaymerdenova, N. (1998). Til bilimi sozdigi [Dictionary of Linguistics]. Almaty: Galym [in Kazakh].
- 4 Barthold, V.V. (1965). Bakhr al-Khazar [Bahr al-Khazar]. Composition (Vols. 1–9; Vol. 3). Moscow: Nauka [in Russian].

- 5 Kumekov, B.E. (2018). Istoricheskaia geografiia Kazakhstana po dannym geograficheskikh kart Makhmuda al-Kashgari i al-Idrisi [Historical geography of Kazakhstan according to the geographical maps of Mahmud al-Kashgari and al-Idrisi]. Proceedings from Central Asia in the Great Silk Road: Khalyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferentsiia (13–15 mausym, 2018 zhyl) — International Scientific and Practical Conference. Almaty: Service Press, 545 [in Russian].
- 6 Nikonov, V.A. (1965). Vvedenie v toponimiku [Introduction to toponymy]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 7 Bartold, V.V. (1965). Aralskoe more [The Aral Sea]. Composition, 1–9; 3. Moscow: Nauka [in Russian].
- 8 Kaimuldinova, K.D. (2011). Toponimika [Toponymy]. Almaty: Daur [in Kazakh].
- 9 Koichubaev, E. (1974). Kratkii tolkovyi slovar toponimov Kazakhstana [Short Explanatory Dictionary of toponyms of Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 10 Kaidar, A.T. (2005). Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazyke [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language]. Almaty: Arys [in Russian].
- 11 Kamoliddin, Sh.S. (2006). Drevnetiurkskaia toponimiiia Srednei Azii [Ancient Turkic toponymy of Central Asia]. S.S. Kamoliddin (Ed.). Tashkent: Shark [in Russian].
- 12 Beisenova, A.S. (1982). Fiziko-geograficheskie issledovaniia Kazakhstana (1917–1941 gody) [Physical and geographical studies of Kazakhstan (1917–1941)]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 13 Abdrakhimov, R.G. (2014). Hidrografiia materikov [Hydrography of continents]. Almaty: Kazakh University [in Russian].
- 14 Bartold, V.V. (1965). Balkhash [Balkhash]. Composition, 1–9; 3. Moscow: Nauka [in Russian].
- 15 Konkashpaev, G.K. (1951). Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy [Kazakh folk geographical terms] // Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR. Seriiia geograficheskaia — Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Geographic series, 3, 99, 3–47 [in Russian].